

УДК 373.5.016:745/749
МРНТИ 14.35.07
DOI 10.70892/bxqx7364

БОЛАШАҚ КӨРКЕМ ЕҢБЕК МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АРНАЙЫ ІСКЕРЛІКТЕРІН МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жәнет Дәлел

*Көркем еңбек пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
7M01454 – «Көркем еңбек және кәсіпкерлік негіздері» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты
Мәдениет және өнер факультеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан,
Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5., ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3925-5026>
dlel.zhanat@mail.ru*

Камалов Юсубалы Назимович

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Мәдениет және өнер факультеті, Мұхтар Әуезов
атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Тәуке
хан даңғылы, 5., ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0023-6657>*

ФОРМИРОВАНИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ УМЕНИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ МОДУЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

Жәнет Дәлел

*учитель художественного труда, педагог-исследователь,
магистрант 2 курса образовательной программы 7M01454 – «Художественный труд и основы
предпринимательства», факультет культуры и искусства,
Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара Ауэзова,
г. Шымкент, Республика Казахстан.*

Камалов Юсубалы Назимович

*кандидат педагогических наук, профессор,
факультет культуры и искусства,
Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара Ауэзова,
г. Шымкент, Республика Казахстан.*

FORMATION OF FUTURE ART TEACHERS' SPECIAL PROFESSIONAL SKILLS BASED ON MODULAR LEARNING TECHNOLOGY

Zhanet Dalel

*2nd year Master's Student of the Educational Program 7M01454 – "Art Education and Entrepreneurship
Foundations" Faculty of Culture and Art, M. Auezov South Kazakhstan University, 5 Tauke Khan Ave., Shymkent,
Kazakhstan, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3925-5026>
dlel.zhanat@mail.ru*

Kamalov Yusubaly Nazimovich

*Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Faculty of Culture and Art, M. Auezov South Kazakhstan Research
University, 5 Tauke Khan Ave., Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

Аңдатпа

Мақалада болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылады. Авторлар қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында модульдік оқыту технологиясының студенттерді кәсіби даярлау үдерісіндегі дидактикалық мүмкіндіктерін жан-жақты талдайды. Зерттеу барысында модульдік тәсілдің болашақ педагогтардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетпен ұштастыруға және кәсіби құзыреттіліктерін жүйелі дамытуға тигізетін оң ықпалы дәлелденген. Жұмыста болашақ мұғалімдердің арнайы кәсіби шеберліктерін (графикалық, технологиялық, жобалау) кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған оқу модульдерінің (блоктарының) құрылымдық-мазмұндық үлгісі айқындалған. Сонымен қатар, ұсынылған оқу модульдерін жоғары оқу орнының оқу үдерісіне тиімді енгізудің негізгі педагогикалық шарттары айқындалып, олардың әдістемелік негіздері тұжырымдалған. Нақтыланған педагогикалық шарттар болашақ мамандардың мектептегі көркем еңбек пәнін заманауи талаптарға сай шығармашылықпен жүргізу дайындығын қамтамасыз етеді. (Сөз саны: 116)

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные проблемы формирования специальных профессиональных умений будущих учителей художественного труда. Авторы всесторонне анализируют дидактические возможности технологии модульного обучения в процессе профессиональной подготовки студентов в условиях обновления содержания современного образования. В ходе исследования обосновано положительное влияние модульного подхода на повышение творческой активности будущих педагогов, интеграцию их теоретических знаний с практической деятельностью и систематическое развитие профессиональных компетенций. В работе определена структурно-содержательная модель учебных модулей (блоков), направленных на поэтапное развитие специальных профессиональных умений (графических, технологических, проектных) будущих учителей. Вместе с тем, выявлены и теоретически обоснованы ключевые педагогические условия, обеспечивающие эффективное внедрение предложенных учебных модулей в образовательный процесс высшего учебного заведения. Выявленные педагогические условия обеспечивают готовность будущих специалистов к творческой педагогической деятельности в школе. (Количество слов: 119)

Annotation

The article considers the current problems of forming special professional skills of future art teachers. The authors comprehensively analyze the didactic possibilities of modular learning technology in the process of professional training of students in the context of updating the content of modern education. In the course of the research, the positive impact of the modular approach on increasing the creative activity of future teachers, integrating their theoretical knowledge with practical activity, and systematically developing professional competence is substantiated. The paper specifies the structural and content model of training modules (blocks) aimed at the step-by-step development of special professional skills (graphic, technological, design) of future teachers. At the same time, pedagogical conditions ensuring the effective introduction of the proposed training modules into the educational process of a higher education institution are identified and theoretically substantiated. The identified pedagogical conditions ensure the readiness of future specialists for creative pedagogical activity at school. (Word count: 140)

Түйінді сөздер: модульдік оқыту технологиясы, көркем еңбек, арнайы іскерлік, кәсіби даярлық, шығармашылық қабілет, педагогикалық шарттар, кәсіби құзыреттілік

Ключевые слова: модульное обучение, художественный труд, специальные умения, профессиональная подготовка, педагогическая технология, профессиональная компетентность.

Keywords: modular learning technology, art education, special skills, professional training, pedagogical technology, professional competence.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог мамандарды даярлау сапасын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Білім беру мазмұнының жаңаруы болашақ мұғалімдерден тек теориялық білімді меңгеруді ғана емес, кәсіби қызметті

шығармашылықпен ұйымдастыра алатын, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданатын маман болуды талап етеді. Көркем еңбек пәні мұғалімдерін даярлау ерекшелігі олардың көркемдік-шығармашылық және практикалық іскерліктерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Болашақ маман әртүрлі материалдармен жұмыс жасау технологияларын, көркем жобалау негіздерін, композициялық шешімдерді және шығармашылық жобаларды ұйымдастыру әдістерін жоғары деңгейде меңгеруі қажет. Бұл үдеріс мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндеттермен, соның ішінде ұлттық код пен мәдени құндылықтарды жаңғырту бағыттарымен тікелей үндеседі [15]. Сондықтан жоғары мектеп жағдайында болашақ мұғалімдердің көркемдік-педагогикалық дайындығын заманауи тұрғыда жобалау мен модельдеудің ғылыми негіздерін айқындау ерекше маңызға ие [14].

Дәстүрлі оқыту жүйесі студенттердің теориялық дайындығына басымдық бергенімен, олардың дербес практикалық әрекеттерді орындау және шығармашылық шешім қабылдау дағдыларын дамытуда бірқатар шектеулерге ие. Осы бағытта модульдік оқыту технологиясы білім алушылардың кәсіби даярлығын жетілдіретін тиімді құралдардың бірі болып табылады. Бұл технология оқу мазмұнын жүйелі ұйымдастыруға, студенттің өзіндік әрекетін арттыруға және кәсіби іскерліктерін кезең-кезеңімен қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдістер мен материалдар (Methods and Materials)

Болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы кәсіби іскерліктерін модульдік оқыту технологиясы негізінде қалыптастырудың тиімділігін негіздеу мақсатында кешенді ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, әрекеттік және құзыреттілік тұрғыдан келесі зерттеу әдістері басшылыққа алынды:

- Теориялық әдістер: Модульдік оқыту технологиясы мен көркемдік-графикалық дайындық мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық құжаттар мен жоғары оқу орындарының мемлекеттік білім беру стандарттарын теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау.

- Эмпирикалық әдістер: Болашақ мұғалімдердің оқу-шығармашылық әрекетін тікелей және жанама бақылау, студенттердің графикалық, технологиялық, жобалау жұмыстарының нәтижелерін талдау, педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері).

- Математикалық-статистикалық әдістер: Педагогикалық эксперимент барысында алынған сандық көрсеткіштер мен нәтижелерді өңдеу, модульдік технологияның тиімділігін бағалау критерийлері бойынша салыстырмалы талдау жасау.

Зерттеудің практикалық базасы ретінде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және өнер» факультетінің көркем еңбек және графика бағытындағы білім беру бағдарламаларының оқу үдерісі алынды. Экспериментке бакалавриат деңгейінде білім алушы студенттер қатысты.

Модульдік оқыту процесінде болашақ педагогтардың арнайы іскерліктерінің (графикалық, технологиялық, жобалау) қалыптасу деңгейін нақты анықтау үшін арнайы дидактикалық материалдар мен критериалды-деңгейлік жүйе әзірленді. Студенттердің арнайы іскерліктерін бағалау келесі үш негізгі критерий бойынша жүргізілді:

- Когнитивті (теориялық білім) – студенттердің модуль мазмұны бойынша теориялық негіздерді, материалдардың қасиеттерін, композиция заңдылықтарын және технологиялық карталарды жасау ережелерін меңгеру деңгейі.

- Практикалық-әрекеттік (технологиялық шеберлік) – әртүрлі көркемдік материалдармен (соның ішінде сәндік-қолданбалы өнер элементтерімен) жұмыс істеу дағдылары, графикалық және эскиздік жұмыстарды сапалы орындау қабілеті.

- Шығармашылық-мотивациялық (жобалау белсенділігі) – студенттердің өзіндік

ізденісі, дербес авторлық идеяларды ұсынуы, шығармашылық жобаларды қорғау және педагогикалық міндеттерді шешудегі креативтілігі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқу мазмұны логикалық тұрғыдан аяқталған дербес оқу модульдеріне («Көркем жобалау негіздері», «Материалдармен жұмыс жасау технологиясы», «Шығармашылық жобалау қызметі») жіктелді. Әрбір модуль аясында студенттердің теориялық дайындығы нақты практикалық өнім шығарумен және оны критериялы бағалаумен ұштастырылып отырды. Бұл тәсіл дәстүрлі оқыту жүйесімен салыстырғанда студенттердің өзіндік ізденіс уақытын тиімді ұйымдастыруға және арнайы кәсіби іскерліктерді кезең-кезеңімен, жүйелі дамытуға мүмкіндік берді. Эксперименттік оқытуды ұйымдастыру барысында модульдік білім беру қағидаларына негізделген оқу бағдарламаларын жобалау және оларды практикалық дайындықпен кіріктірудің халықаралық тәжірибесі ескерілді [16, p. 58]. Сонымен қатар, оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың отандық әдістемелік жүйелері басшылыққа алынды [12].

Нәтижелер мен талқылау (Results and Discussion)

«Іскерлік» ұғымы педагогикалық әдебиеттерде белгілі бір әрекетті сапалы орындауға мүмкіндік береді. В.П. Беспалько еңбектерінде педагогикалық технологиялардың іскерлік пен біліктілікті қалыптастырудағы жүйелік рөлі сипатталған [1, 78 б.]. Ал арнайы іскерлік белгілі бір кәсіби салаға тән әрекеттерді орындауға қажетті білім, білік және дағдылар жүйесін білдіреді. Болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы іскерліктері олардың кәсіби қызметінің негізін құрайды. Оларға:

- көркем жобалау жұмыстарын орындау;
- композициялық шешімдерді әзірлеу;
- әртүрлі материалдарды өңдеу технологияларын меңгеру;
- сәндік-қолданбалы өнер элементтерін пайдалану;
- шығармашылық жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру жатады.

Модульдік оқыту технологиясы – оқу мазмұнын логикалық аяқталған бөліктерге бөліп, білім алушының танымдық әрекетін ұйымдастыруға негізделген. М.М. Жанпейісова өз зерттеулерінде бұл технологияның білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға және оқу нәтижесін бақылауға тиімді мүмкіндік беретінін атап көрсетеді [2, 34 б.]. Осы орайда, көркем еңбек мамандығы бойынша модульдік оқыту мазмұнын үш негізгі блокқа топтастыру ұсынылады:

- Бірінші модуль – «Көркем жобалау негіздері»: студенттер композиция заңдылықтарын, эскиз жасауды, шығармашылық идеяларды қалыптастыруды меңгереді.
- Екінші модуль – «Материалдармен жұмыс жасау технологиясы»: студенттер әртүрлі материалдардың ерекшеліктерін зерттеп, оларды техникалық өңдеу тәсілдерін үйренеді.
- Үшінші модуль – «Шығармашылық жобалау қызметі»: білім алушылар жеке авторлық жобаларын әзірлеп, дайын өнімді таныстыру және қорғау әрекеттерін орындайды.

Педагогикалық эксперимент нәтижелері (Experimental Results)

Зерттеудің практикалық базасы ретінде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Мәдениет және өнер» факультетінің «Көркем еңбек және кәсіпкерлік негіздері» білім беру бағдарламасының оқу үдерісі алынды. Педагогикалық эксперимент 2025–2026 оқу жылының көктемгі семестрінде жүргізілді. Зерттеуге аталған білім беру бағдарламасының 37 студенті қатысты. Оның ішінде эксперименттік топқа – 18 студент, бақылау тобына – 19 студент енгізілді. Эксперимент анықтау, қалыптастыру және қорытынды кезеңдерінен тұрды.

Студенттердің арнайы кәсіби іскерліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында кешенді педагогикалық диагностика жүргізілді. Бағалау когнитивтік, практикалық-әрекеттік және шығармашылық-мотивациялық критерийлер бойынша жүзеге асырылды. Диагностикалық құралдар ретінде педагогикалық бақылау, практикалық жұмыстарды бағалау, шығармашылық жобаларды сараптамалық бағалау, критериялы бағалау

парақтары және деңгейлік бағалау жүйесі қолданылды. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы теңдігімен, эксперименттің үш кезеңде жүргізілуімен, бірыңғай бағалау критерийлерінің қолданылуымен және алынған нәтижелердің салыстырмалы талдауы арқылы қамтамасыз етілді.

Эксперимент үш кезеңде жүргізілді:

анықтау эксперименті;


қалыптастыру эксперименті;

қорытынды эксперименті.

Студенттердің арнайы кәсіби іскерліктерінің қалыптасу деңгейі когнитивтік, практикалық-әрекеттік және шығармашылық-мотивациялық критерийлері бойынша бағаланды.

Кесте 1 – Анықтау экспериментінің нәтижелері

Деңгей	Эксперименттік топ (n=18)	%	Бақылау тобы (n=19)	%
Жоғары	3	16,7	3	15,8
Орта	8	44,4	9	47,4
Төмен	7	38,9	7	36,8



1-сурет. Анықтау эксперименті нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Кесте 1 мәліметтері бойынша эксперимент басталғанға дейін екі топтың арнайы кәсіби іскерліктерінің қалыптасу деңгейлері бір-біріне жақын болды. Эксперименттік топтағы жоғары деңгей көрсеткіші 16,7%, бақылау тобында 15,8% болды. Орта деңгей сәйкесінше 44,4% және 47,4%, төмен деңгей 38,9% және 36,8% көрсетті. Бұл екі топтың бастапқы даярлық деңгейінің шамалас екенін дәлелдейді.

Қалыптастыру эксперименті (Formative Experiment)

Қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топта модульдік оқыту технологиясына негізделген арнайы оқу бағдарламасы қолданылды. Бағдарлама үш оқу модулінен тұрды:

- «Көркем жобалау негіздері»;
- «Материалдармен жұмыс жасау технологиясы»;
- «Шығармашылық жобалау қызметі».


Әр модуль аясында студенттердің теориялық дайындығы практикалық жұмыстармен,

шығармашылық жобалармен және өзіндік ізденіс тапсырмаларымен ұштастырылды.

Бақылау тобында оқу үдерісі дәстүрлі оқыту әдістері негізінде ұйымдастырылды.

Кесте 2 – Қорытынды эксперимент нәтижелері


Деңгей	Эксперименттік топ (n=18)	%	Бақылау тобы (n=19)	%
Жоғары	10	55,6	6	31,6
Орта	7	38,9	9	47,4
Төмен	1	5,5	4	21,0



2-сурет. Қорытынды эксперимент нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Кесте 3 – Арнайы кәсіби іскерліктердің критерийлер бойынша қалыптасу динамикасы

Бағалау критерийі	Бастапқы кезең (%)	Қорытынды кезең (%)	Өзгеріс (%)
Когнитивтік	61	86	+25
Практикалық-әрекеттік	58	89	+31
Шығармашылық-мотивациялық	56	91	+35



3-сурет. Когнитивтік, практикалық-әрекеттік және шығармашылық-мотивациялық критерийлердің бастапқы және қорытынды көрсеткіштерінің

динамикасы

Эксперимент нәтижелерін талдау (Analysis of Experimental Results)

Қорытынды эксперимент нәтижелері модульдік оқыту технологиясының болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы кәсіби іскерліктерін қалыптастыруға оң ықпал еткенін көрсетті.

Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 16,7%-дан 55,6%-ға дейін өсіп, 38,9 пайыздық тармаққа артты. Сонымен қатар төмен деңгейдегі студенттердің үлесі 38,9%-дан 5,5%-ға дейін төмендеді. Бақылау тобында да оң өзгерістер байқалғанымен, олардың қарқыны эксперименттік топпен салыстырғанда айтарлықтай төмен болды.

Критерийлер бойынша жүргізілген талдау когнитивтік көрсеткіштің 61%-дан 86%-ға, практикалық-әрекеттік көрсеткіштің 58%-дан 89%-ға, ал шығармашылық-мотивациялық көрсеткіштің 56%-дан 91%-ға дейін артқанын көрсетті. Бұл модульдік оқыту технологиясының студенттердің теориялық білімін практикалық әрекетпен ұштастыруға, кәсіби шеберлігін жетілдіруге және шығармашылық белсенділігін дамытуға тиімді ықпал ететінін дәлелдейді.

Жалпы эксперимент нәтижелері модульдік оқыту технологиясының болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы кәсіби іскерліктерін қалыптастыруда дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда тиімді екенін көрсетті.

Жоғары мектептегі модульдік оқытудың әдістемелік негіздерін зерттеген А.Б. Айтбаева бұл тәсілдің білім беру мазмұнын икемді етуге мүмкіндік беретінін дәлелдеген [10]. Осы орайда, Ж. Кәрімов кәсіби білім берудегі модульдік жүйенің студенттердің нақты іс-әрекет дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін атап көрсетеді [11]. Ал А.Р. Тұрғанбаева студенттердің шығармашылық өзіндік жұмыстарын модульдік негізде ұйымдастырудың танымдық белсенділікті арттырудағы рөлін негіздейді [13].

В.А. Сластенин және Г.К. Селевко сияқты ғалымдар оқыту процесінде студенттің өзіндік дамуы мен кәсіби уәждемесін арттыруда модульдік құрылымдардың маңыздылығын дәлелдеген [3, 112 б.; 4, 45 б.]. Бейнелеу өнері мен көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру мәселелерін зерттеген Ұ.М. Мұхамеджанова болашақ мамандардың арнайы іскерліктерін дамытуда практикалық бағыттылықтың басым болуын құптайды [9]. Қазіргі халықаралық зерттеулерде өнерге негізделген оқыту тәсілдерін қолдану білім алушылардың шығармашылық ойлауын, кәсіби құзыреттілігін, жобалау дербестігін және рефлексиялық дағдыларын дамытуға елеулі ықпал ететіні көрсетілген [17, р. 15]. Ұлттық кәсіптік педагогика аясында Ұ.М. Әбдіғапбарова болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда теория мен практиканың кіріктірілуін басты шарт ретінде қарастырады [5, 92 б.].

Болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы іскерліктерін тиімді қалыптастыру үшін келесі педагогикалық шарттарды сақтау қажет:

- Оқу мазмұнын кәсіби бағытта ұйымдастыру. Оқу модульдері болашақ маманның мектептегі нақты педагогикалық қызметімен байланысты болуы керек.
- Теория мен практиканың сабақтастығы. Көркем еңбек саласында практикалық жұмыстар негізгі орын алатындықтан, әрбір теориялық білім шығармашылық тапсырмалар арқылы бекітілуі қажет.
- Студенттердің шығармашылық дербестігін дамыту. Оқу үдерісінде білім алушының жеке идеясына, өзіндік ізденісіне және көркемдік шешіміне мүмкіндік берілуі тиіс.
- Нәтижені критериялды бағалау жүйесін қолдану. Бағалау тек дайын өнімге емес, шығармашылық ізденіс барысы мен жобалау кезеңдеріне де бағытталуы қажет.

Қорытынды (Conclusion)

Қорыта айтқанда, модульдік оқыту технологиясы болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің арнайы іскерліктерін қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Бұл технология студенттердің теориялық білімдерін тәжірибелік әрекеттермен байланыстыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіби құзыреттіліктерін

калыптастыруға мүмкіндік береді. Модульдік оқыту негізінде ұйымдастырылған оқу үдерісі болашақ мамандардың кәсіби әрекеттерді меңгеруіне, шығармашылық жобаларды жүзеге асыруына және педагогикалық қызметке дайындығын арттыруға жағдай жасайды. Алдағы уақытта бұл технологияның тиімділігін тәжірибелік зерттеу арқылы анықтау және оны көркем еңбек мұғалімдерін даярлау жүйесіне енгізудің әдістемелік жолдарын жетілдіру маңызды саналады.

Жасанды интеллектті (AI) қолдану туралы декларация

Авторлар осы мақаланы дайындау барысында жасанды интеллект құралдары тек мәтіннің тілдік және стилистикалық түзетулерін жасау, сондай-ақ мазмұн құрылымын нақтылау үшін ғана қолданылғанын мәлімдейді. Мақаладағы барлық ғылыми идеялар, әдіснамалық тәсілдер, эксперименталды мәліметтер мен теориялық тұжырымдар авторлардың өз бетінше жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының түпнұсқалық нәтижелері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – Москва: Педагогика, 1989. – 192 с.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: Мектеп, 2002. – 180 б.
3. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика. – Москва: Академия, 2019. – 576 с.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народное образование, 1998. – 256 с.
5. Әбдіғапбарова Ұ.М. Кәсіптік педагогика негіздері. – Алматы: Ұлағат, 2020. – 240 б.
6. Құдайқұлов М.А. Педагогикалық технологиялар және оқыту тиімділігі. – Шымкент: Ғалым, 2015. – 145 б.
7. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. – Москва: Народное образование, 1996. – 160 с.
8. Юцявичене П.А. Теория и практика модульного обучения. – Каунас: Швиеса, 1989. – 272 с.
9. Мұхамеджанова Ұ.М. Бейнелеу өнері мен көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру. – Алматы: Кітап, 2018. – 198 б.
10. Айтбаева А.Б. Жоғары мектептегі модульдік оқытудың әдістемелік негіздері // Хабаршы КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – 2021. – № 2 (66). – Б. 45-51.
11. Кәрімов Ж. Кәсіби білім берудегі модульдік оқыту жүйесі // Қазақстан мектебі. – 2022. – № 4. – Б. 12-16.
12. Бұзаубакова К.Д. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы: Жазушы, 2009. – 312 б.
13. Тұрғанбаева А.Р. Студенттердің шығармашылық өзіндік жұмыстарын модульдік ұйымдастыру // Білім берудегі инновациялар. – 2023. – № 1. – Б. 88-94.
14. Шарипов Б.Ж. Педагогикалық жобалау және модельдеу негіздері. – Тараз, 2017. – 210 б.
15. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
16. Sanina S.P. The Role of Modular Education in the Development of Professional Competencies of Applied Bachelor Students // Psychological-Educational Studies. – 2018. – Vol. 10(3). – P. 56–69. DOI: 10.17759/psyedu.2018100306.
17. Meltzer C., Schwencke E. Arts-based learning in vocational education: Using arts-based approaches to enrich vocational pedagogy and didactics and to enhance professional competence and identity // Journal of Vocational Education & Training. – 2020. – Vol. 72(1). DOI: 10.1177/1477971419846640.

REFERENCES

1. Bepalko V.P. Slagaemye pedagogicheskoj tehnologii [Components of pedagogical technology]. – Moscow: Pedagogika, 1989. – 192 p.
2. Zhanpeiisova M.M. Moduldik oqytu tehnologiyasy oqushyny damytu quraly retinde [Modular learning technology as a tool for student development]. – Almaty: Mektep, 2002. – 180 p.
3. Slastenin V.A., Isaev A.F., Shiyanov A.N. Pedagogika [Pedagogics]. – Moscow: Akademiya, 2019. – 576 p.
4. Selevko C.C. Sovremennye obrazovatel'nye tehnologii [Modern educational technologies]. – Moscow: Narodnoe obrazovanie, 1998. – 256 p.
5. Abdigapbarova A.M. Kesityk pedagogika negizdery [Foundations of professional pedagogy]. – Almaty: Ulakat, 2020. – 240 p.
6. Qudaikulov M.A. Pedagogikalyq tehnologiyalar zhane oqytu tiimdiligi [Pedagogical technologies and training efficiency]. – Shymkent: Galym, 2015. – 145 p.
7. Choshanov M.A. Gibkaya tehnologiya problemno-modul'nogo obucheniya [Flexible technology of problem-modular learning]. – Moscow: Narodnoe obrazovanie, 1996. – 160 p.
8. Jucjavichene P.A. Teoriya a praktika modul'nogo obucheniya [Theory and practice of modular learning]. – Kaunas: Shviesa, 1989. – 272 p.
9. Mukhamedzhanova A.M. Beineleu deneri men korkem enbek mugalimderining kasibi sheberligin artryu [Improving the professional skills of fine arts and art teachers]. – Almaty: Kitap, 2018. – 198 p.
10. Aitbaeva A.B. Zhogary mekteptegy moduldyk oqytu dyng adistemelyk negizdery [Methodological foundations of modular teaching in higher education] // Habarshy KazNPU im. Abaya. Seriya «Pedagogicheskie nauki». – 2021. – № 2 (66). – p. 45-51.
11. Karimov X. Kasibi bilim berudegi moduldik oqytu zhuyesy [Modular learning system in vocational education] // Qazaqstan mektebi. – 2022. – № 4. – p. 12-16.
12. Buzaubakova C.D. Zhana pedagogikalyq tehnologiyalar [New pedagogical technologies]. – Almaty: Zhazushy, 2009. – 312 p.
13. Turganbaeva A.R. Studentterdyng shygarmachylyq ozindyk zhumystaryn moduldyk uyimdastyru [Modular organization of students' creative independent work] // Bilim berudegi innovaciylar. – 2023. – № 1. – p. 88-94.
14. Sharipov B.X. Pedagogikalyq zhobylau zhane modeldeu negizdery [Foundations of pedagogical design and modeling]. – Taraz, 2017. – 210 p.
15. Nazarbayev N.A. Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru [Orientation towards the future: spiritual modernization] // Egemen Qazaqstan. – 2017. – 12 April.
16. Sanina S.P. The Role of Modular Education in the Development of Professional Competencies of Applied Bachelor Students // Psychological-Educational Studies. – 2018. – Vol. 10(3). – P. 56–69. DOI: 10.17759/psyedu.2018100306.
17. Meltzer C., Schwencke E. Arts-based learning in vocational education: Using arts-based approaches to enrich vocational pedagogy and didactics and to enhance professional competence and identity // Journal of Vocational Education & Training. – 2020. – Vol. 72(1). DOI: 10.1177/1477971419846640.